20.05.2024 № 125

# СТУДЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

## ҚЕ 17-2024

| Күні | Көшірме | Басылым |
|---|---|---|
| | | Төртінші |

**Шымкент**

20.05.2024 № 125

## МАЗМҰНЫ


1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР ................................................ ..................4
2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.................................................................................................4
3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .................................................................................5
4. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ.........................................................5
5. СҚКО НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ...................................6
6. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ ..............................................................................6
7. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ..........................7
8. ЖАУАПКЕРШІЛІК......................................................................................7
9. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ӨЗАРА ҚАТЫНАС ТӘРТІБІ........8

20.05.2024 № 125

## 1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ережеде келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылғы 27 шілдеде бек., № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Заңы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: 2015 жылғы 18 қарашада бек., № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: 2015 жылғы 23 карашада бек., №414- V ҚРЗ;
- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;
- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;
- СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарын басқару;
- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;
- СТ 011-2024. Персоналды басқару;
- СТ 012-2024. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру
- СТ 023-2024 Стандарты внутреннего обеспечения качества образовательной деятельности АО «ЮКМА».

## 2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар пайдаланылады.

«ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы,

ЖСБ - Жастар саясаты бөлімі,

СҚКО - Студенттерге қызмет көрсету орталығы.

## 3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Студенттерге қызмет көрсету орталығы (әрі қарай – СҚКО) өз қызметінде Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамаларды, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі және ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарын, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамының (әрі қарай – «ОҚМА» АҚ) жарғысын, ішкі нормативтік құжаттарды, Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Мемлекеттік қызметтер туралы" заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

СҚКО «ОҚМА» АҚ Жастар саясаты бөліміне қарасты құрылымдық бөлімше болып табылады және ЖСБ меңгерушісіне тікелей бағынады.

СҚКО мамандары ректордың бұйрығымен техникалық, бағдарламашы немесе тәжірибелік қызметте кем дегенде 5 жыл жұмыс тәжірибесі бар қызметкерлер арасынан тағайындалады.

СҚКО меңгерушісі уақытша болмаған жағдайда, оның міндеттерін белгіленген тәртіппен тағайындалған тұлға атқарады.

## 4 ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

СҚКО ректордың бұйрығы негізінде құрылды. СҚКО меңгерушісі қызметкерлер арасында міндеттерді қызметтік нұсқаулықтарына сәйкес бөліп береді.

СҚКО құрамына СҚКО меңгерушісі және оператор кіреді.

**СҚКО меңгерушісі:**

- СҚКО – ға тапсырылған міндеттерді орындау мен өзінің өкілеттілігін жүзеге асыру үшін жауапты болады;
- өзінің қызметіне байланысты СҚКО барлық мүдделерін ұстанады;
- өзінің өкілеттілігі шеңберінде құжаттарға қол және виза қояды;
- СҚКО қызметкерлерінің арасында қызметтік міндеттемелерді бөледі;
- Бөлім меңгерушісіне көтермелеу және жазалау шараларын қолдану жайында ұсыныс береді;

20.05.2024 № 125

– ОҚМА АҚ ректоры тарапынан Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор ұсынысы бойынша марапатталады немесе жазаланады.

## 5 СҚКО НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Орталықтың негізгі міндеттері келесідей:

- студенттерге уақытылы және сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;
- студенттерге жеке куәлігі мен студенттік билеттері негізінде ақпарат беру;
- ұсынылатын қызметтердің мәдениеті мен сапасын арттыру;
- сапа менеджмент жүйесінің талаптарын орындау.

## 6 НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Қойылған міндеттерді шешу үшін СҚКО келесі функциялардың орындалуын қамтамасыз етеді:

- СҚКО-ға жүгінген кезде студенттерге ақпараттық көмек көрсету.
- құжаттарды ресімдеуде СҚКО-да қарастырылған түрлерін жүзеге асыру (оқу орнынан анықтама, белгіленген нысан бойынша әлеуметтік төлем органдарына ұсыну үшін Анықтама (Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және төлеу қағидаларының 4 қосымшасы), белгіленген нысан бойынша әлеуметтік төлем органдарына ұсыну үшін Анықтама (Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік

жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларының 6 қосымшасы).

- оқу үдерісі мәселелері бойынша қиын және даулы жағдайларда білім алушыларға кеңес беру;
- «ОҚМА» АҚ басшылығының басқа да тапсырмаларын орындау.

## 7 ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қызметкерлер келесілерге міндетті және құқылы:

- СҚКО міндеттерін іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыруға міндетті;
- ОҚМА АҚ құрылымдық бөлімшелерінен өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпаратты, материалдарды және басқа да қажетті құжаттарды сұрату және алуға;
- СҚКО қызметінің мәселелері талқыланатын және шешілетін «ОҚМА» АҚ - ның барлық бөлімшелерінің жұмысына қатысуға;
- СҚКО құратын сараптама комиссиялары мен жұмыс топтарында жұмысқа белгіленген тәртіппен басқа құрылымдық бөлімшелер мен сыртқы ұйымдардың өкілдерін тартуға;
- СҚКО қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті компьютерлік, көбейту және өзге де ұйымдастыру техникасын, байланыс құралдарын, сондай-ақ «ОҚМА» АҚ - да бар өзге де материалдық ресурстарды пайдалануға.

## 8 ЖАУАПКЕРШІЛІК

СҚКО қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде жауапты:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік актілеріне, олармен жасалған еңбек шарттарының ережелеріне сәйкес жүктелген міндеттерді орындауға;
- ережеде айқындалған міндеттер мен функцияларды орындауға;
- өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылыққа;
- қолданыстағы нормативтік құжаттардың, басшылықтың бұйрықтары мен өкімдерінің талаптарын сақтауға;

- есептілікті сапалы, уақтылы ұсынуға;
- еңбек тәртібін, «ОҚМА» АҚ Іскерлік әдеп кодексін, техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін, ішкі тәртіп ережелерін, өрт қауіпсіздігін сақтауға;
- «ОҚМА» АҚ мүлігінің бүлінуінен және/немесе жойылуынан материалдық зиян келтіруге;
- ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттарының талаптарын жауапкершілікпен орындауға.

## 9 ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ӨЗАРА ҚАТЫНАС ТӘРТІБІ

Осы ережеде көрсетілген қызметтерін атқару мен құқықтарын жүзеге асыру үшін және функцияларды тиімді орындау үшін СҚКО бірге жұмыс істейтін тұлғалар мен органдар:

- декандармен, студенттік өзін-өзі басқару органдарымен, кафедралармен ақпараттық өзара қарым қатынас жасайды, өндіріске қажет болған жағдайда «ОҚМА» АҚ басшылығымен келісім бойынша жеке іс-шараларға қатысуға атсалысады;
- СҚКО қызметтік міндеттері мен құқықтарын жүзеге асыру бойынша ОҚМА барлық бөлімшелерімен;
- СҚКО өз қызметін жүзеге асыру кезінде Шымкент қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығымен өзара бірлесіп жұмыс атқарады.

## Лист согласования и подписания

| ФИО | Тип действия | Время и дата согласования или подписания | Замечания | Данные по ЭЦП |
|---|---|---|---|---|
| Елеусизова Гулсара Лесовна | Проверено | 21.05.2024, 10:09:52 | Без замечаний | |
| Ержанов Нурлан Амирович | Проверено | 20.05.2024, 12:44:25 | Без замечаний | |
| Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович | Проверено | 20.05.2024, 12:58:57 | Без замечаний | |
| Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы | Согласовано | 20.05.2024, 15:14:25 | Без замечаний | |
| Рысбеков Мырзабек Мырзашевич | Подписано | 21.05.2024, 10:11:23 | Без замечаний | Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), РЫСБЕКОВ МЫРЗАБЕК, Акционерное общество «Южно-Казахстанская і |
| Рысбеков Мырзабек Мырзашевич | Зарегистрировано | 21.05.2024, 10:11:24 | Без замечаний | Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), РЫСБЕКОВ МЫРЗАБЕК, Акционерное общество «Южно-Казахстанская і |